

Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесін бекіту туралы

Күшін жойған

Қазақстан Республикасы Үкіметінің қаулысы 2001 жылғы 9 қараша N 1432. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.02. N 1192 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен

Ескерту. Күші жойылды - ҚР Үкіметінің 2005.12.02. N 1192 (2006 жылғы 1 қаңтардан бастап қолданысқа енгізіледі) қаулысымен.

"Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес және тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру жөніндегі қызметті реттеу мақсатында Қазақстан Республикасының Үкіметі қаулы етеді:

1. Қоса беріліп отырған Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі бекітілсін.
2. Облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері бұрын қабылданған шешімдерін осы қаулыға сәйкес келтірсін.
3. Осы қаулы оның жарияланған күнінен бастап күшіне енеді.

Қазақстан Республикасының

Премьер-Министрі

Қазақстан Республикасы

Үкіметінің

2001 жылғы 9 қарашадағы

N 1432 қаулысымен

бекітілген

Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі

Осы Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау ережесі (бұдан әрі - Ереже) "Лицензиялау туралы" Қазақстан Республикасының Заңына сәйкес әзірленді және тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау тәртібін анықтайды.

1. Жалпы ережелер

1. Осы Ережеде мынадай ұғымдар пайдаланылады:
ойын бизнесі - мақсаты табыс табу үшін құмар ойындары мен бәс тігуді ұйымдастыру және өткізу болып табылатын кәсіпкерлік қызмет;
ойын мекемесі - құмар ойындар өтетін және (немесе) бәс тігу ставкалары

кабылданатын орын: казино, тотализатор, ойын автоматтары залы, букмекер кеңсесі және өзге де ойын үйлері (орындары);

бәс тігу - тәуекелге негізделген және жеке, сол сияқты заңды екі немесе бірнеше тұлғалардың арасында жасалған, нәтижесі туындайтыны немесе туындамайтыны белгісіз жағдайға байланысты ұтыс туралы келісім;

құмар ойын - тәуекелге негізделген және ойын мекемесі белгілеген ереже бойынша жеке, сол сияқты заңды екі немесе бірнеше тұлғалардың арасында жасалған, нәтижесі туындауына тараптардың ықпал етуге мүмкіндігі бар жағдайға байланысты ұтыс туралы келісім;

ойын үстелі - ойын мекемесі өзінің өкілдері арқылы тараптар ретінде немесе ұйымдастырушы және (немесе) бақылаушы ретінде қатысатын құмар ойындарын өткізуге арналған ойын мекемесіндегі арнайы жабдық;

ақшалай ұтыс шығатын ойын автоматы - ойын мекемесінде орнатылған және көрсетілген ойындарға ойын мекемесі өкілдерінің қатысуынсыз құмар ойындарын өткізу үшін пайдаланылатын арнайы жабдық (механикалық, электрлі, электрондық және өзге де техникалық жабдық);

тотализатор - қатысушының ұтысы болжамның туындаған нақты фактілермен ішінара немесе толық сәйкес келуіне байланысты болатын қатысушы ойындық, спорттық, өзге де жағдайда қандай да болмасын бір оқиғаның нәтижесіне болжам жасайтын (бәс тігетін) ойын;

заңдастырылған белгілер - ойын мекемелеріне қатысу үшін пайдаланылатын, қолма-қол ақшаны ауыстыратын белгілі бір атаулы фишкалар, жетондар;

касса - ставкалардың жалпы сомасы ескерілетін және төлеуге жататын ұтыстың сомасы анықталатын ойын мекемесінде арнайы жабдықталған орын.

2. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялауды облыстар мен Астана және Алматы қалаларының әкімдері (бұдан әрі - Лицензиар) жүзеге асырады.

3. Лицензиар тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға лицензия алған заңды және жеке тұлғалардың (бұдан әрі - Лицензиат) тізілімін жүргізеді.

4. Тізілімге тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензияны (бұдан әрі - лицензия) беру, оның қызметін тоқтата тұру қызметін қайта жаңарту және тоқтату фактілері, сондай-ақ қайтарып алу туралы мәліметтер енгізіледі.

5. Лицензияның қолданылуы облыстың, Астана және Алматы қалаларының аумағымен шектелген.

6. Лицензия бас және басқаға беруге болмайтын болып табылады.

7. Лицензияның бланкі қатаң есептіліктегі бланк болып табылады. Лицензиялардың бланкілерінің есебін және оларды сақтауды Лицензиар жүзеге

а с ы р а д ы .

8. Заңды тұлғаның атауы, орналасқан жері өзгерген жағдайда (егер ол лицензияда көрсетілген болса), Лицензиат бір ай ішінде көрсетілген мәліметтерді растайтын тиісті құжаттарды қоса бере отырып, лицензияны қайта ресімдеу туралы өтініш беруге міндетті.

Лицензиар Лицензиат тиісті жазбаша өтінішті берген күннен бастап 10 күн ішінде лицензияны қайта ресімдейді.

Лицензияны қайта ресімдеу және көрсетілген құжатты беру кезінде Қазақстан Республикасының салық заңнамасында белгіленген тәртіппен және мөлшерде а л ы м т ө л е н е д і .

9. Кәсіпкерлік қызмет тоқтатылған немесе заңды тұлға қайта құрылған және таратылған кезде Лицензиат 10 күн мерзімде лицензияны Лицензиарға қайтаруға міндетті.

2. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыруға арналған лицензия алу үшін қажетті құжаттар

10. Лицензия алу үшін өтініш беруші Лицензиарға мынадай құжаттарды:

- 1) Қазақстан Республикасының Үкіметі белгілеген нысан бойынша өтінішті;
- 2) лицензиаттың осы Ережеде белгіленген біліктілік талаптарына сәйкестігін р а с т а й т ы н қ ұ ж а т т а р д ы ;
- 3) лицензиялық алым төленгенін растайтын құжатты ұсынуы тиіс.

3. Лицензия беру туралы өтінішті қараудың мерзімдері

11. Лицензия беру туралы шешім немесе беруден негізделген бас тарту осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген барлық қажетті құжаттармен бірге өтінішті берген күннен бастап бір ай мерзімнен кешіктірмей жазбаша түрде беріледі.

4. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алым

12. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығы үшін лицензиялық алымның мөлшері, сондай-ақ оны төлеудің тәртібі Қазақстан Республикасының салық заңнамасымен белгіленеді. Қызметтің тиісті түрімен айналысудың барлық кезеңіне лицензия беру лицензиялық алымды біржолғы төлеумен жүзеге асырылады.

13. Лицензиялық алым төлемей лицензия бергені үшін Лицензиардың лауазымды тұлғасы заңнамаға сәйкес жауапкершілік жүктейді.

14. Лицензияны жоғалтып алған кезде Лицензиаттың телнұсқаны алуға құқығы бар. Лицензиар он күннің ішінде Лицензиаттың жазбаша өтініші бойынша лицензияның телнұсқасын беруді жүргізеді. Бұл ретте Лицензиат тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыру құқығы үшін қайтадан лицензиялық алым төлейді.

15. Егер Лицензиат өзінің қызметіне кіріспеген немесе оны тоқтатқан жағдайда, тотализаторлар мен казинолар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығына лицензиялық алымды қайтару немесе қайта есеп а й ы р ы с у жү р г і з і л м е й д і .

16. Лицензиялық алым сомасының жергілікті бюджетке аударылуының дұрыстығы, толықтығы үшін, сондай-ақ уақытылылығы үшін жауапкершілік Лицензиарға жүктеледі.

5. Лицензия беруден бас тарту

17. Лицензия, егер:

1) субъектілердің осы санаты үшін тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға заңнамалық кесімдермен т ы й ы м с а л ы н с а ;

2) осы Ереженің 10-тармағында көрсетілген құжаттар ұсынылмаса. Өтініш беруші көрсетілген кедергілерді жойған кезде өтініш жалпы негіздемелерде қ а р а л а д ы ;

3) тотализаторлар мен казинолар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысу құқығына алым енгізілмесе;

4) өтініш беруші осы Ережеге сәйкес белгіленген біліктілік талаптарына ж а у а п б е р м е с е ;

5) өтініш берушіге қатысты, оған тотализаторлар мен казинолар ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға тыйым салатын соттың шешімі болса берілмейді.

6. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті жүзеге асыратын субъектілерге қойылатын біліктілік талаптары

18. Лицензиялық қызметтің субъектісіне қойылатын біліктілік талаптары:

1) өтініш берушінің тұрақты қаржылық жағдайы болуы тиіс. Өтініш берушінің қаржылық жағдайын анықтау үшін қажетті құжаттар мен көрсеткіштердің тізбесін Қазақстан Республикасының Қаржы министрлігімен келісім бойынша Лицензиарлар белгілейді;

2) тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу үшін қажетті жеке немесе жалға алынған материалдық-техникалық базаның болуы;

3) м ы н а л а р д ы :

келушілердің, казино қызметкерлерінің жеке қауіпсіздігін және қоғамдық т ә р т і п т і ң с а қ т а л у ы н ;

казино клиенттерінің қолма-қол ақшасының, жеке заттарының және пайдаланылатын заңдастырылған белгілерінің сақталуын қамтамасыз ететін қ ы з м е т т е р д і ң б о л у ы ;

4) ойын мекемесінің әзірленген жұмыс ережесінің, өткізілетін ойындар,

аттракциондар, ставкаларды қабылдау ережесінің, менеджментті және ойындарды өткізуді жүзеге асыратын персонал тізімінің, сондай-ақ мемлекеттік және орыс тілдерінде, қажет болған кезде және басқа да тілдерде қолданылатын заңдастырылған белгілердің үлгілері мен номинацияларының болуы.

Мекеме жұмысының, өткізілетін ойындар, аттракциондар, ставкаларды қабылдау, мекеменің жұмыс істеу кестесінің ережесі келушілердің олармен танысуы үшін қол жетімді болуы тиіс.

Ереже мекеменің келушілері мен қызметкерлерінің құқықтары мен міндеттері туралы ақпаратты қамтуы тиіс;

5) Сатып алу-сату, жеткізу шарттарымен, техпаспорттармен және басқа да құжаттармен расталатын сертификаттандырылған жабдықтардың және ойын автоматтарының, ойын үстелдерінің, қолданылатын электр жабдықтарына қауіпсіздік сертификаттарының болуы.

7. Лицензия беруден бас тартуға шағыну

19. Егер лицензия барлық құжаттармен бірге өтінішті берген күннен бастап белгіленген бір ай мерзімде берілмесе немесе өтініш білдірушіге бас тарту негізсіз берілсе, ол бұл іс-әрекетті сот тәртібімен шағымдануға құқылы.

8. Лицензияның қолданылуын тоқтату

20. Лицензия :

- 1) лицензия қайтарып алынған;
- 2) лицензия қайта ресімделген;

3) заңды тұлға кәсіпкерлік қызметтің аталған түрін тоқтатқан не ол қайта ұйымдастырылған немесе таратылған жағдайларда өзінің қолданылуын тоқтатады.

9. Лицензияны қайтарып алу және оның қолданылуын тоқтата тұру

21. Лицензиар, егер заңнамалық кесімдерімен өзгеше белгіленбесе, сот тәртібімен мынадай жағдайларда:

- 1) Лицензиатқа тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен айналысуға сотпен тыйым салынса;
- 2) Лицензиар лицензияның қолданылуын тоқтата тұрған себептер жойылмаса;

3) Лицензиат лицензия алу кезінде көзге көрінер жалған ақпарат берсе лицензияны қайтарып алады.

22. Лицензиар тоқтата тұрудың себептерін көрсете отырып, лицензияның қолданылуын алты ай мерзімге дейін тоқтата тұруға құқылы.

23. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру себептерін жойғаннан кейін, лицензия жаңартылады.

24. Лицензиат лицензияның қолданылуын тоқтата тұру туралы Лицензиардың

шешіміне сот тәртібімен шағынуға құқылы.

25. Сот лицензияның қолданылуын тоқтата тұрудың заңдылығы туралы шешкен кезде, оны тоқтата тұру мерзімі Лицензиар осындай шешім қабылдаған күннен бастап саналсын.

10. Лицензиялау туралы заңнаманы бұзғаны үшін жауапкершілік

26. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметпен тиісті лицензиясыз айналысу заңнамамен белгіленген жауапкершілік жүктейді.

27. Тотализаторлар мен казиноларды ұйымдастыру және өткізу жөніндегі қызметті лицензиялау мәселелері бойынша туындайтын даулар сот тәртібімен шешіледі.

28. Біліктілік талаптарының және белгіленген ережелердің сақталуын тексеруді Лицензиар Қазақстан Республикасының заңнамасында белгіленген тәртіппен жүргізеді.